



"Федоров ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 17 мамырдағы № 101 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 қаулысына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса берілген "Федоров ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. "Федоров ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) жоғарыда көрсетілген Ереженің заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Федоров ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Федоров ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Исабаев

Әкімдіктің

2022 жылғы "17" мамыр

№ 101 қаулысына

қосымша

"Федоров ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережесі

1. Жалпы ережелер

1. "Федоров ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мекеме) ішкі саясат саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Ішкі саясат бөлімінің мынадай ведомстволары бар:

Федоров ауданы ішкі саясат бөлімінің "Жастар ресурстық орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Ішкі саясат бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Ішкі саясат бөлімі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және өз атауы қазақ және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Ішкі саясат бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Ішкі саясат бөлімі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Ішкі саясат бөлімі өз құзыретінің мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Ішкі саясат бөлімі басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Федоров ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111900, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Федоров ауданы, Федоров ауылы, Красноармейская көшесі 53.

10. Осы Ереже Ішкі саясат бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Ішкі саясат бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Ішкі саясат бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен өкілеттік болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Ішкі саясат бөліміне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) қоғамның демократиялық институттарын нығайтуға қатысу, Қазақстанның даму Стратегиясының негізгі басымдықтарын, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауларын түсіндіру және насихаттау;

2) ауданда жергілікті мемлекеттік басқару органдарының Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің, мәслихаттың, әкімдіктің және әкімнің актілері мен тапсырмаларына сәйкес "Федоров ауданының ішкі саясат бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мемлекеттің ішкі саясатын орындауын қамтамасыз ету және іске асыру;

3) әлеуметтік-экономикалық, мәдени және қоғамдық-саяси салаларда мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарын іске асыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың қызметін үйлестіру;

4) діни және басқа да коммерциялық емес қоғамдық бірлестіктермен байланысты және өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

5) бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асыру. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін насихаттау және қолдану мәселелері бойынша аудандық бөлімдермен өзара іс-қимыл жасау;

6) ауданда мемлекеттік ақпараттық саясатты тиімді іске асыруды қамтамасыз ету, оның ішінде мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша БАҚ қызметін әдістемелік қолдау және үйлестіру, заңнаманы сақтау бойынша БАҚ қызметіне мониторинг жүргізу

14. Өкілеттіктер

1) құқықтары:

1) ішкі саясат бағдарламалары бойынша жұмыстарды, тауарларды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы болады;

2) діни сенім бостандығы құқығын одан әрі іске асыру, сондай-ақ Федоров ауданының аумағында тұратын барлық этностардың мәдениеті мен дәстүрлерін еркін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау;

3) мемлекет пен азаматтық қоғамның, билік пен оппозицияның сындарлы диалог тетіктерін қалыптастыру;

4) патриоттық сана-сезімді, азаматтық жауапкершілікті арттыруға, белсенді қоғамдық ұстанымды қалыптастыруға, жас таланттарды анықтауға және қолдауға бағытталған жас ұрпақпен өзара іс-қимылдың тиімді моделін әзірлеу;

5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қажетті шаралар қабылдайды және дербес жауапты болады;

6) бөлім қызметінің саласына қатысты мәселелер бойынша тапсырмалар береді, олардың орындалуын бақылайды, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар өткізетін іс-шараларға қатысады;

2) міндеттері:

1) мемлекеттік органдардан, кәсіпорындар мен ұйымдардан мемлекеттік мекеменің функцияларын орындау үшін қажетті ақпарат пен мәліметтерді қолданыстағы заңнамада белгіленген мерзімде сұратады және алады;

2) ішкі саясат саласындағы жұмыстар мен іс-шараларды жүргізуге шарттар жасасады;

3) мемлекеттік басқару органдарының қарауына өз құзыреті шегінде мәселелерді шешу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

4) қолданыстағы заңнамамен берілген өзге де құқықтарды пайдаланады;

5) Ішкі саясат бөлімі өз құзыреті шегінде ішкі саясат саласындағы аудандық бөлімдердің жұмысын үйлестіреді. Осы мақсатта бөлім зерделеу және аудан әкімін ақпараттандыру үшін олардан деректер мен ақпарат сұратуға құқылы.

15. Функциялары:

1) әлеуметтік шиеленіске мониторингті жүзеге асыру, өңірде болып жатқан қоғамдық-саяси процестерді және олардың даму үрдістерін жан-жақты және объективті зерделеу, қорыту және талдау;

2) жастар саясатын жүзеге асыру, ауданның жастар бірлестіктерінің қызметін үйлестіру және ықпал ету;

3) ішкі саясат бөлімі жұмысының сапасы мен өнімділігін арттыру мақсатында оның қызметінің бағыттары бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік рәміздерінің Федоров ауданының мемлекеттік мекемелері мен ұйымдарында пайдаланылуын (тігілуін, орналастырылуын) бақылауды жүзеге асырады;

5) өңірдегі діни ахуалға зерделеу және талдау жүргізеді;

6) өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты іске асырады;

7) Федоров ауданы әкімдігінің нормативтік құқықтық және нормативтік емес актілерінің жобаларын дайындайды;

8) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

9) заңнамада белгіленген тәртіппен "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 418-бабының 1-1-тармақтарында, 489-1-бабында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтыру.

3. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Ішкі саясат бөлімі басшылықты мемлекеттік мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын ішкі саясат бөлімінің бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Бөлімнің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Ішкі саясат бөлімінің бірінші басшысының өкілеттіліктері:

1) Ішкі саясат бөлімінің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды;

2) Ішкі саясат бөлімінің басшысы жеке-дара әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Ережемен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес Ішкі саясат бөлімі қызметінің мәселелерін дербес шешеді;

3) Ішкі саясат бөлімінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

4) барлық ұйымдарда Ішкі саясат бөлімінің мүдделерін білдіреді;

5) заңдарда белгіленген реттер мен шектерде мүлікке билік етеді;

6) шарттар жасасады;

7) сенімхаттар береді;

8) қаржылық құжаттарға бірінші қол қою құқығына ие болады;

9) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

10) Ішкі саясат бөлімінің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

11) еңбек қатынастары мәселелері оның құзыретіне жатқызылған ішкі саясат бөлімінің қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданады және көтермелеу шараларын қолданады;

12) қызметтік әдеп нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жұмысқа дербес жауапты болады

;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Ережемен, аудан әкімдігімен, әкіммен, оның орынбасарларымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ішкі саясат бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

19. Ішкі саясат бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

Ішкі саясат бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

20. Ішкі саясат бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

21. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Ішкі саясат бөлімі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған

мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

22. Ішкі саясат бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК